



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КЕШЕНДІ КӘСІПКЕРЛІК ЛИЦЕНЗИЯ (ФРАНЧАЙЗИНГ) ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекет Ақмаржан Әлібекқызы

Beketova23@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. Марат

Қазіргі қоғам, жалпы әлем жаһандану үрдісіне көшіп, барлық мемлекет даму үдерісін экономикалық салаға ден қойып отырған кез. Бұл процестен Қазақстан да қалыс қалмай, әртүрлі салаларды қолға алып мемлекеттік қолдау арқылы экономика мен әлеуметтік дамуды қолға алып отыр. Қазақстан өзінің экономикалық дамуында көптеген жетістіктерге жетті. Елімізде жиырмадан астам жыл ішінде экономикалық реформалар мен өзгертулер болды. Мемлекетіміздің қазіргі басты бағыты – 30 бәсекеге қабілетті елдің қатарына қосылу болып отыр. Әдетте, сол дамыған мемлекеттер тәжірибесінде, шағын және орта бизнес – экономикалық өсімнің қайнар көзі болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Бір мақсат,бір мүдде,бір болашақ» атты жолдауында осы бағытқа қолдау көрсету мақсатында орта және шағын кәсіпкерлікке қолдау танытып, мемлекет тарапынан әртүрлі субсидиялар беріп көмек көрсетіп жатыр.

Қазақстан аумағында соңғы 20 жылда жаға кәсіпкерлік бастаманың түрі – кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) кең етек жая бастады.Алдымен осы франчайзинг қатынастарына тоқталмас бұрын,оның мағынасына тоқталып өткен жөн.

Франчайзинг – кәсіпкерліктің бірыңғайландырылған түрі. Дәл осы франчайзинг шағын бизнестің дамуын күшейтіп, ірі табыс көздеріне айналдыра білді.Жалпы термин француздың «franchise» сөзінен шығады, яғни «төлемнен босату»дегенді білдіреді. Сарапшылар гипотезасы бойынша 21 ғасырда әлем бизнесінің 50% франчайзинг жүйесімен жұмыс істейтін болса,екінші жартысы оны таратушы болады. Қазірдің өзінде елдегі франчайзинг күйі осы елдегі экономиканың даму деңгейі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.Сондықтан да көптеген елдер франчайзингті дамытуға осы қарым-қатынастарды реттейтін арнайы заңдар қабылдау арқылы көп көңіл бөледі, дамыту және қолдау бағдарламаларын жүзеге асырады. Алайда франчайзинг туралы арнайы заң мемлекеттердің бәрінде кездеспейді, тіпті, арнайы заңның болуы франчайзингтің дамуына кедергі келтіреді деген пікірлер де бар. Кейбір елдерде франчайзингтік қатынас бісекелестік, кәсіпкерлік немесе зияткерлік меншікті қорғау туралы заңдар (Чили,Үндістан,Швеция және т.б) немесе Азаматтық кодекс (Ресей, Польша, Португалия және т.б) шеңберінде жүзеге асады [1].

2002 жылға дейін Қазақстанда франчайзингтік нормалар жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актімен реттелді.Франчайзингті қолдау шаралары көбіне мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасына жазылды. Франчайзинг туралы арнайы заң қолданысқа енбей тұрған кезеңде, Қазақстан аумағында франчайзинг белсенділігі аса көп емес еді.Сондықтан да шығар, 1999 жылы ҚР Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімі 45-тарауы «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) атты бөлім және мемлекеттік бағдарламалардың негізгі тармақтары бұл қатынасты реттеуге жеткілікті болды.

Азаматтық кодекстің 45-тарауының 896-бабында алғаш рет бұл терминге анықтама берілді, ол бойынша «Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша бір тарап (кешенді лицензиар) екінші тарапқа (кешенді лицензиатқа) сыйақыға айрықша ерекше құқықтар кешенін (лицензиялық кешен), соның ішінде лицензиардың фирмалық атауын және қорғалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану құқығын, сондай-ақ лицензиаттың кәсіпкерлік қызметінде пайдалану үшін шартта көзделген айрықша құқықтардың басқа да объектілерін (тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, патент және т.б) беруге міндеттенеді» деп көрсетілген [2].

2002 жылдың 24 маусымында Қазақстанда франчайзинг туралы арнайы «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» заң күшіне енді. Қазақстан франчайзингтің заңды анықтамасы жөнінде жеке заң қабылдаған ТМД елдері ішіндегі алғашқы мемлекет [3]. Бүгінгі таңда франчайзинг туралы заң франчайзингтік шарттық қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық акт болып табылады.

Елімізде франчайзингтік бизнесті жүргізуді реттеудің бірқатар заңнамалық актілерге қоса, нарық субъектілерінің іс-әрекетін қорғайтын халықаралық деңгейдегі санаткерлік меншікке, кәсіпкерлікке қатысты бірқатар заңнамалық құжаттарды атап өтуімізге болады, олар: Қазақстан Республикасы мен Санаткерлік меншіктің Дүниежүзілік ұйымының арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы, ҚР «Инновациялық қызмет туралы заңы», «ҚР патент туралы заңы», «ҚР Инвестиция туралы заңы», «ҚР Лицензиялау туралы заңы» және т.б

Бұл тақырыпты алуымыздың өзі біздің ерекше қызығушылығымызды оятты. Себебі Отандық нарықта шетелдік компаниялардың франчайзинг жүйесі арқылы қатысу үлесі өсу үстінде, франчайзингтік компаниялар ұсынатын тауарлармен қызмет түрлері көбеюде: дәмханалар, химиялық тазалау орталықтары, қонақ үйлері, оқу орталықтары және т.б Франчайзинг адал кәсіпкерлікті дамытудың, халықты жұмыспен қамтудың, әлеуметтік мәселелерді шешудің, бизнестің айқындылығын жоғарылатып, салық салынатын негізді ұлғайтудың тиімді құралы болып табылады. Сондықтан да франчайзингті компанияны дамытудың мінсіз түрі ретінде мемлекеттік қолдау, реттеу деп есептейміз.

Әлемдік брендтер франшизаларды сату арқылы Қазақстан нарығына белсенді кіруде. Мәселен, соңғы жылда шетелдік кәсіпкерлік лицензия саны 65% артқан. Қазақстандағы франшизаның пайда болуын 1994 жылы Алматыда «Coca-cola Almaty» зауытының ашылуымен байланыстыруға болады. Одан бөлек 90-жылдары Алматыда «Baskin Robins», «Adidas» тәрізді басқа да франшизалық жобалар пайда бола бастады. Қазақстандық франшизалық агенттіктің мәліметінше 1994-2004 жылдар аралығында Қазақстанда 15 шетелдік франшизалық жүйе жұмысын бастап, 1150 кәсіпорын ашылыпты [4].

Қазақстан жалпы алғанда халықаралық нарыққа жаңа келген мемлекет. Оған қоса әлемдік орталықтаран шалғай жатқандығы да сәл де болса өз әсерін тигізеді. Ресейге көптеген себептермен санкциялар салынғаннан бастап брендтер бағытын өзгертіп, Қазақстанды өз франшиздерін Орталық Азияның өзге елдеріне экспорттаушы платформа ретінде қабылдап жатыр.

Кедендік Одақ құрылғалы бері Ресейлік бренд франшизалары саны да біраз есеге өсті.

Сонымен қоса Қазақстанның Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі ретінде қабылдануы да бұл процестің едәуір қарқын алып дамуына септігін тигізді.

Қазақстан тек импорттаушы мемлекет ретінде ғана емес, сонымен қатар экспортқа да франшиздер шығаруда аяқ алыс жаман емес. Қазіргі таңда 10-ға жуық отандық франшиз Ресейде жұмыс істеуде. Негізінен бұлар мейрамханалық франшиздер. Кедендік Одаққа кіргеннен бері тенденция артып отыр, әлі де өсу мүмкіншілігі жоғары.

Осындай тиімді жағдай қалыптасқан кезде мемлекеттік реттеуді жіті бақылап отыру маңызды орын алады. Заң, негізінен, сектордағы мәмілелерді құқықпен рәсімделу қажеттілігін қанағаттандырады. Бірақ, заңның әрекет етуі, егерде арнайы жеңілдіктер мен кепілдіктер қарастырылмаса, елдегі франчайзингтік қатынастардың дамуына әсер етуі шамалы.

Қазіргі кездегі жағдаяттарға сәйкес франчайзинг туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бұл үрдіске франчайзингтік сектордың өкілдері франчайзер, франчайзи және франчайзингтік сараптамашыларды мейлінше енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Әрбір жыл сайын әлемдік экономикалық жаһандануда, заманауи франчайзинг бизнестің халықаралық түрі болғандықтан, франчайзинг туралы заңдарды тұрақты түрде біріздендіріп, жетілдіріп отыру мәселесі төтесінен тұр.

Себебі Қазақстандағы франчайзингтің 90%-ы халықаралық мәртебеге ие. Әр елдің франчайзинг туралы заңдары бір-бірімен қайшы келіп қалу мүмкіндіктері де бар. Осы

жағдайды реттеу мақсатында халықаралық институттар осы қатынасты реттейтін заңдар мен шарттарды жасауға арналған нұсқау дайындады (1998 ж) және франшизаға қатысты ақпаратты жариялау туралы заңды жасады (2002).

Халықаралық және ұлттық ассоциациялармен франчайзингтік қатынастың негізгі құжаты, Еуропалық Франчайзинг федерациясымен қабылданған – Франчайзингтің ар-намыс кодексі болып табылады. Бұл заңдық мәртебесі бар құжат емес, сондықтан мемлекеттік болып табылмайды. Қазақстанда бұл кодекс жоқ, бірақ оның үлгісін пайдаланса жақсы болар еді деп ойлаймыз. Себебі ол жерде қатысушыларға қатысты ережелер, франчайзерлер мен франчайзилер үшін нормалар мен міндеттер франшиза туралы ақпаратты жариялау тәртібі қарастырылған. Әсіресе осы ар-намыс кодексінде ерекше ашылып қарастырылған франчайзингтік шарттар болып табылады. Онда шарт мемлекеттің негізгі заңнамасын асәйкес болуы қажет және шарт жасасу барысында қандай мәселелерге баса назар аударып, қандай сұрақтар аясында жүргізілуі қажеттігі анықталған.

Кәсіпкерлік туралы заң да франчайзингті жеке дара қарастырмайды, осы жағдайда франчайзингке жеңілдіктер мен рұқсаттар алу біраз қиындықтарға да соқтыруы мүмкін. Франчайзер мен франчайзилердің тікелей классикалық қатынастары өте аз. Халықаралық франчайзерлер тікелей жұмыс істеуден тартыншақтанып отыр.

Сонымен қатар, франчайзинг шартын дәстүрлі лицензиялық шарттардың бір түрі ретінде емес, барынша күрделі және кешенді франчайзингтік шарттың құрамдас бөлігі ретінде лицензиялық шартты қарастырған орынды. Себебі егер лицензиялық шарт бойынша зияткерлік меншіктің жекелеген объектілерін (фирмалы атау, тауар белгісі, өндіріс құпиялары) пайдалануға рұқсат берілетін болса, онда франчайзинг шарты бір мезгілде бірнеше объектілерге құқықтарды беруді қарастырады. Оның үстіне франчайзинг пайдаланушыларға франчайзер тарапынан жәрдемдеседі, тұрақты консультациялық көмекті, сапаны бақылауды, бірлескен жарнаманы және дәстүрлі лицензиялық қатынастарға қарағанда барынша ауқымды қамтиды.

Және де тағы бір ұсыныс ретінде қарастыруға салатын мәселе 2002 жылы қабылданған немесе тіпті азаматтық кодексте көрсетілген атау. Яғни ол бойынша франчайзинг «кешенді кәсіпкерлік лицензия» деп көрсетілген. Заң атауын «Франчайзинг туралы» Заң десе дұрыс болар еді. «Кешенді кәсіпкерлік лицензия» термині жеткілікті шартты болып табылады және заң шығарушы құқықтық қатынастардың осы бір тобын бөліп алу үшін пайдаланады. Әлемнің көптеген елдерінде франчайзинг термині қолданылатын болғандықтан қазақстандық заңнама АҚ тарауының атауында жақшаның ішіне алып, Қазақстан Республикасында кешенді кәсіпкерлік лицензия франчайзинг деп аталатынын көрсетті. Осылайша әлемдік заңнамамен үйлестіру жүргізілді. Бірақ қарастырылып жатқан қатынастар франчайзинг деп аталуы тиіс. Біріншіден, кәсіпкерліктің бұл түрі шетелде пайда болған және қалыптасқан, екіншіден, көптеген елдер оны франчайзинг деп атайды. Үшіншіден, әлемдік тәжірбиеде бұл терминологияны қолданудың тұрақты тәжірбиесі қалыптасты. Және де «лицензия» түсінігі бір мағыналы да емес. Ол 1995 жылғы 17 сәуірдегі Лицензиялау туралы » ҚР Президентінің заң күші бар жарлығында өзгеше анықтама беріліп, кешенді кәсіпкерлік лицензия түсінігімен сәйкес келмейді.

Еліміздегі франчайзингті дамытудағы негізгі мәселелер: мемлекеттік жеңілдіктердің аз болуы, зияткерлік меншікті қорғаудың жетіспеушілігі, отандық кәсіпкерлікте ашықтықтың болмауы, франчайзинг жөнінде мағмұлаттың әлсіздігі және т.б.

Қазіргі таңда ҚР-да франчайзингтің дамытуға мынандай институттар ат салысуда: Франчайзингті дамыту жөніндегі Орталық Азия агенттігі, Тәуелсіз кәсіпкерлер одағы, «Даму» кәсіпкерлігі дамыту қоры және т.б. [5]. Алайда осындай арнаулы заңмен реттелгенімен, ел аумағында бұл процесстерді үйлестіріп отыратын мемлекеттік орган да жоқ. Франчайзингті дамытудың нақты мақсатты бағдарламасы жоқ. Интеллектуалды меншікті жеткіліксіз деңгейде қорғау мен Қазақстандағы кәсіпкерліктің ашық еместігі франчайзинг нарығын дамытуды тежейді.

Қорыта келе, қазіргі таңдағы тәуекелділік жағынан сенімді кәсіпкерлік бастама ретінде франчайзинг алғашқы орында. Оған себеп-сенімділік. Соның арқасында жеке тұлғалар арасында да, заңды тұлғалар арасында болсын осы іске деген қызығушылық күн санап артып келеді. Тіпті оған жоғарыда атап кеткендей қолайлы жағдайларды қазіргі саяси жағдайлар да тудырып отыр. Сол себепті алдын ала бұл жайлардың құқықтық реттелуін нақтылап, құқықтық аспектіде ретке келтіріп, бақылап отыру қажеттігін байқап отырмыз. Аталған ұсыныстар мүмкін болатын даулардың алдын алуға және оның кемшіліксіз жүзеге асуына өз септігін тигізеді деген ойдамын.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Новосельцев О. Франчайзинг: история развития, правовое регулирование, оценка // Финансовая газета. – 1999. №18.
2. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы N 330 Заңы
3. Рыкова И.В. Франчайзинг: новые технологии, методологии, договоры. – М.: Современная экономика и право, 2000. – 224б.
4. Кисиков Б. Франчайзинг в Казахстане. – Алматы: Образовательный фонд «Игілік», 2011. – 292б
5. Дуйсембаев А.А. Қазақстандағы франчайзингтік бизнес: қазіргі жағдайы мен даму келешегі. – Қарағанды, 2013. – 169б.
6. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының «2012 жылы Қазақстандағы франчайзингтің дамуын негізлеу», «Интеллектуалды меншік менселері – франчайзингтің негізгі элементтері» және «Халықаралық франчайзингтің кейбір менселері» атты семинар материалдары.

УДК 347.464.(574)

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Болат Рамазан

Ramazan Bolat@bk.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Құқықтану
мамандығының

2 курс студенті, Қызылорда, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.М. Жусупова

Зерттеу жұмысымды зерттеу тақырыбыма сәйкес туристік қызмет көрсету шартының теориялық негіздерінен бастағанды, яғни теориялық мәселелерді талдауды жөн көрдім.

Туристік қызмет көрсету шартының туризмде, оның ішінде халықаралық туризмде алатын орны ерекше. Туристертердің жекелеген қызметтерді орындаушыларымен жасалатын әртүрлі азаматтық-құқықтық шарттармен реттелетін ұйымдастырылмаған туристік сапарларға қарағанда, ұйымдастырылған туристік сапарды жүзеге асыру үшін туристік қызмет көрсету міндеттемесін орындайтын тұлғамен туристік қызмет көрсету бойынша бір шарт жасау жеткілікті.

Туристік қызмет көрсету шарты тек соңғы кездері ғана зерттеле бастады. Халықаралық тәжірибе мен саудада туристік қызмет көрсету шартының жалпы қабылданған атауы жоқ. Қарастырылып отырған шартқа арналған ерекше нормаларды қамтитын жалғыз халықаралық құқықтық акті болып 1970 жылдың 23 сәуірінде қабылданаған Халықаралық ұйымның келісім-шарт бойынша саяхатқа шығу Халықаралық Конвенциясы (CCV) табылады.